

ӨОЖ 331.56, 325.3, 342.7

FTAMP 11.25.59

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.62.4.019>

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

*Токмеилова М.¹, Асхат Г.²

*¹ Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

² Тұран Университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Аңдатпа. Мақалада соңғы он жыл ішінде Орталық Азия елдеріндегі еңбек миграциясы үдерістерінің трансформациясының негізгі үрдістері мен ерекшеліктері қарастырылады. Еңбек миграциясы тақырыбы өңірлік кеңістікте және кең ауқымды халықаралық контексте орын алып жатқан күрделі әлеуметтік-экономикалық, институционалдық және демографиялық өзгерістер призмасы арқылы ашылады. Авторлар көші-қон ауқымына, бағытына және құрылымына әсер ететін саяси шешімдер, экономикалық дағдарыстар, демографиялық қысым және қабылдаушы елдердегі жаңа мүмкіндіктер сияқты өзгерістерге ерекше назар аударады.

Зерттеудің әдістемелік негізін Э. Ли ұсынған «push–pull» моделі құрайды, ол миграция қозғалысын қалыптастыратын факторларды жүйелеуге мүмкіндік береді. Модель аясында негізгі «итермелеуші» факторлар ретінде жұмыс орындарының жетіспеушілігі, төмен жалақы деңгейі және еңбек ресурстарын жіберуші елдердегі кәсіби іске асу мүмкіндіктерінің шектеулілігі анықталған. Ал «тартушы» факторларға экономикалық өсу, жоғары еңбек ақы, әлеуметтік кепілдіктердің болуы, сондай-ақ өңір елдері мен қабылдаушы мемлекеттер арасындағы мәдени және тілдік жақындық жатады.

Талдау нәтижелері қазіргі жағдайда Орталық Азия елдеріндегі еңбек миграциясы тек табыс табу мақсатында жұмысшылардың орын ауыстыруы ғана емес, әлдеқайда күрделі құбылыс екенін көрсетеді. Бұл әлеуметтік құрылымдарға әсер ететін, әлеуметтік капиталды қалыптастыру мен нығайтуға, трансұлттық ынтымақтастық желілерін дамытуға және ұзақ мерзімді өңірлік тұрақтылықтың алғышарттарын жасауға ықпал ететін көп деңгейлі үдеріс.

Тірек сөздер: еңбек миграциясы, Орталық Азия, трансформация, Орталық Азия, push–pull моделі, трансформация, жаһандану, әлеуметтік-экономикалық факторлар

Кіріспе

Еңбек миграциясы ХХІ ғасырда жаһандық еңбек нарығының ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе Орталық Азия елдері үшін бұл құбылыс әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі детерминанты болып

отыр. Кеңес Одағының ыдырауынан кейінгі кезеңде аймақ мемлекеттері (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан) еңбек ресурстарының теңгерімсіздігі, жұмыссыздық деңгейінің өсуі және табыс айырмашылығы мәселелерімен бетпе-бет келді.

Осы тұрғыда Э. Лидің (1966) push–pull моделі аймақтық еңбек көші-қонын түсіндірудің тиімді теориялық базасын ұсынады. Модельге сәйкес, миграцияға әсер ететін итермелеуші (push) және тартушы (pull) факторлар өзара әрекеттесіп, еңбек күшінің бағытталуын анықтайды [1]. Орталық Азияда бұл модель айқын байқалады: жұмыссыздық, табыстың төмендігі және әлеуметтік кепілдіктердің әлсіздігі – итермелеуші факторлар; ал жоғары жалақы, тұрақты еңбек нарығы және институционалдық қолдау – тартушы факторлар болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы сапалық және сандық әдістердің үйлесіміне негізделіп, Дүниежүзілік банк, Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), сондай-ақ Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанның ұлттық статистика агенттіктерінің ресми деректері пайдаланылды. Әдістемелік негіз ретінде Э. Лидің миграция теориясы, әлемдік миграцияның құрылымдық-экономикалық талдауы және салыстырмалы институционалдық әдіс қолданылды.

Зерттеу кезеңі 2010–2024 жылдар аралығындағы еңбек миграциясының динамикасы қамтиды, бұл қысқа және ұзақ мерзімді үрдістерді, оның ішінде әлемдік экономикалық дағдарыстардың, саяси реформалардың және демографиялық өзгерістердің ықпалын ескеруге мүмкіндік береді.

Сапалық әдістерге нормативтік-құқықтық актілерге контент-талдау жүргізу, сондай-ақ ұлттық көші-қон саясаты стратегияларын салыстырмалы зерттеу жатады. Сандық әдістер динамикалық қатарларды статистикалық талдауды, факторлар арасындағы байланыстарды анықтау үшін корреляциялық және регрессиялық талдауды қамтиды.

Бұл көпдеңгейлі және кешенді тәсіл Орталық Азиядағы еңбек көші-қонының әлеуметтік-экономикалық, мәдени және институционалдық қырларын толық зерттеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелері

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Орталық Азия елдерінде еңбек миграциясының құрылымы мен бағыты соңғы онжылдықта айтарлықтай өзгерген. Бұл өзгерістер аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерімен, еңбек нарығындағы теңсіздікпен және аймақшілік байланыстардың нығаюымен тікелей байланысты.

Халықаралық көші-қон ұйымының 2024 жылдың екінші тоқсанына арналған деректері бойынша, Қазақстан өңірлік еңбек миграциясының басты орталықтарының бірі болып отыр. Елге келгендердің саны бірінші

тоқсанмен салыстырғанда 42%-ға өсіп, 4 371 305 адамды құраған. Келушілердің басым бөлігі (89%) ТМД елдерінен, атап айтқанда Өзбекстан (36%), Ресей Федерациясы (23%) және Қырғызстаннан (22%) келген [2].

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, мигранттардың көпшілігі (85%) көші-қон мақсатын нақты көрсетпеген, алайда 12%-ы еңбек ету, ал 4%-ы білім алу мақсатында келген. Бұл еңбек миграциясының негізгі қозғаушы күші ретінде экономикалық факторлардың сақталып отырғанын және Қазақстанның аймақтық еңбек нарығында тартымды ел ретінде қалыптасқанын айғақтайды.

Сонымен қатар, көші-қонның кері бағыты да белсенді дамып келеді. 2024 жылдың екінші тоқсанында Қазақстаннан кеткендердің саны 4 216 128 адамды құраған, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 32%-ға көп. Елден шыққандардың 88%-ы ТМД елдеріне бағытталған, олардың ішінде Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей негізгі бағыттар болып табылады [3].

Теориялық тұрғыдан, бұл үрдістер Э. Ли ұсынған push–pull теориясы тұрғысынан түсіндіріледі. Теорияға сәйкес, миграция екі негізгі факторға байланысты [4]:

Push(итетін) факторлар – мигранттарды өз елінен кетуге мәжбүрлейтін әлеуметтік, экономикалық немесе саяси қиындықтар (жұмыссыздық, төмен жалақы, инфрақұрылымның дамымауы).

Pull (тартатын) факторлар – мигранттарды басқа елге тартатын мүмкіндіктер (жоғары жалақы, тұрақты жұмыс, білім алу, әлеуметтік қолдау).

Қазақстанның жағдайында ТМД елдерінен келген мигранттар көбіне push–pull факторларының үйлесімі арқасында келеді: экономикалық қиындықтар Өзбекстан, Қырғызстан сияқты елдерде мигранттарды кетуге итермелесе, Қазақстандағы еңбек нарығы мен әлеуметтік жағдай оларды тартатын фактор болып табылады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Орталық Азиядағы еңбек миграциясының трансформациясы аймақ елдері арасындағы экономикалық тәуелділікті, әлеуметтік байланыстарды және еңбек нарығындағы өзара ықпалдастықты күшейтіп отырғанын көрсетеді. Қазақстан осы үрдісте басты транзиттік және қабылдаушы ел ретінде аймақтық еңбек миграциясының тұрақтылығына ықпал етуде.

Талқылау

Еңбек миграциясы Орталық Азияда тек экономикалық факторлардың емес, сонымен қатар әлеуметтік және саяси процестердің де көрсеткіші болып отыр. Push–pull моделі еңбек көші-қонының негізгі бағыттарын түсіндіруге мүмкіндік береді, бірақ қазіргі кезеңде оның ауқымы кеңейіп, жаңа компоненттермен толықтырылуда.

Орталық Азиядағы еңбек миграциясының трансформациясы тек аймақтық деңгейде ғана емес, сонымен қатар жаһандық процестердің

аясында да қарастырылуы тиіс. Көші-қон құбылыстарын түсіндіруде қолданылатын push–pull моделі [5] (Э. Ли, 1966) Орталық Азия контекстінде айқын көрініс табады: еңбек күшін сыртқа итермелейтін факторларға жұмыссыздық, табыстың төмендігі және әлеуметтік кепілдіктердің әлсіздігі жатса, тартушы факторлар ретінде жоғары жалақы, тұрақты еңбек нарығы мен институционалдық қолдау айқындалады. Бұл модель әсіресе Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан азаматтарының Ресей, Қазақстан және басқа да елдерге кетуін түсіндіруде қолданылады.

Сонымен бірге неоклассикалық экономикалық теория тұрғысынан еңбек миграциясы жалақы айырмашылығына негізделген рационалды таңдау ретінде көрінеді. Алайда Орталық Азия жағдайында мұндай түсіндіру жеткіліксіз, себебі миграцияға тек экономикалық ғана емес, әлеуметтік-мәдени және саяси факторлар да ықпал етеді. Осы тұрғыда әлемдік жүйелер теориясы (И. Валлерстайн) еңбек миграциясын орталық–периферия қатынастарымен байланыстырады [6]. Ресей мен Қазақстан шартты түрде «жартылай орталық» ретінде мигранттарды қабылдаса, еңбек экспорттаушы мемлекеттер перифериялық рөлде қалады. Бұл тәуелділік аймақтық тұрақтылыққа ұзақ мерзімде қауіп төндіреді.

Лидің Push-Pull теориясы

Эверетт С. Ли 1966 жылы көші-қонның кешенді теориясын ұсынды. Оның пікірінше, кез келген аймақтағы халықтың кеңістіктік қозғалысын айқындайтын төрт негізгі фактор бар: (1) шығу аймағына тән факторлар, (2) бару аймағына тән факторлар, (3) арадағы кедергілер және (4) жеке тұлғалық факторлар [7]. Бұл үлгі миграцияны тек экономикалық себептермен ғана емес, сонымен қатар психологиялық, мәдени және әлеуметтік детерминанттармен түсіндіруге мүмкіндік береді.

Лидің тұжырымдауынша, әрбір аймақ өзінің оң және теріс сипаттамаларына ие. Оң факторлар адамдарды өз аймағында ұстап қалуға немесе сырттан тартуға ықпал етсе, теріс факторлар, керісінше, оларды итермелейді. Бұдан бөлек, бейтарап факторлар да бар, олар тұрғындардың басым бөлігіне айтарлықтай әсер етпейді. Бұл факторлардың жиынтығы мен өзара әрекеттесуі көші-қонның жалпы динамикасын қалыптастырады [7].

Ли моделі көші-қонды шешім қабылдау процесі ретінде сипаттайды, мұнда адамдар өздерінің шығу аймағы туралы деректерді жақсы біледі, өйткені олармен ұзақ уақыт байланыста болған. Ал бару аймағы туралы білім көбіне шектеулі және белгісіздік деңгейі жоғары болады. Осы ақпараттың толық болмауы мигранттардың жаңа ортаға бейімделу барысындағы қиындықтардың басты себебі ретінде қарастырылады [7].

Сонымен қатар, Ли жеке тұлғаның өмірлік кезеңіне де ерекше назар аударады. Адамның белгілі бір аймақпен ұзақ байланысы оның сол ортадағы оң факторларды асыра бағалап, теріс факторларды төмен бағалауына әкелуі мүмкін. Керісінше, жаңа аймақ туралы белгісіздік пен болжамсыздық сол

жердің тартымдылығын бұрмалап көрсетеді. Осылайша, көшу туралы шешім көбіне субъективті қабылданады және нақты экономикалық жағдайлардан гөрі жеке қабылдау мен психологиялық дайындыққа көбірек тәуелді.

Лидің пікірінше, көшу туралы түпкілікті шешім шығу мен бару аймақтарындағы оң және теріс факторлардың қарапайым салыстырмасына ғана негізделмейді. Көшу ниеті адамның табиғи инерциясын және аралық кедергілерді жеңетіндей дәрежеде күшті болуы тиіс. Көптеген зерттеушілер бұл контексте қашықтықты маңызды фактор ретінде қарастырғанымен, Ли оны көші-қонға әсер ететін шешуші детерминант емес деп есептейді [8]. Өйткені аралық кедергілердің сипаты әрбір индивидтің өмірлік тәжірибесі мен әлеуетіне байланысты әртүрлі әсер етеді.

Мұнымен қатар, көші-қон үдерісіне шығу және бару аймақтарының сипаттамаларынан бөлек, **жеке тұлғалық факторлар** да айтарлықтай ықпал етеді. Оларға адамның біліктілігі, білім деңгейі, ақпаратқа қолжетімділігі, мәдени ортаға бейімделуі және әлеуметтік байланыстары жатады. Кейбір жеке факторлар адамның өмір бойы тұрақты болып қалса, кейбірі өмірлік циклдің белгілі кезеңдерінде күшейіп немесе әлсірейді.

Лидің теориясындағы маңызды тұжырымдардың бірі - көші-қонды айқындайтын ең шешуші нәрсе объективті экономикалық жағдай емес, адамның сол жағдайды **қалай қабылдайтыны**. Перцепция процесі [9] жеке тұлғаның танымдық қабілетіне, әлеуметтік ортасына, ақпаратқа ашықтығына және мәдени ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан да миграцияны түсіндіруде субъективті қабылдау мен әлеуметтік-психологиялық факторлардың рөлі барған сайын артып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, Э. Лидің көші-қон теориясы қазіргі Орталық Азия контекстінде өзекті болып қала береді. Аймақ елдеріндегі экономикалық теңсіздік, әлеуметтік кепілдіктердің әлсіздігі және ақпараттық теңсіздік Лидің сипаттаған факторларының нақты көрінісі болып табылады. Миграция тек экономикалық стратегия емес, сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуметтік қозғалыс пен өзін-өзі іске асыру тетігі ретінде көрініс табуда.

Э. Лидің көші-қон теориясының маңызды тұжырымдарының бірі - көшу туралы шешім барлық факторлардың өзара әрекеттесуінің жиынтық нәтижесі болып табылады. Алайда, ғалымның пікірінше, көші-қон шешімі ешқашан толықтай рационалды сипатқа ие болмайды, өйткені оған тек экономикалық есеп емес, эмоциялық, мәдени және тұрмыстық жағдайлар да ықпал етеді. Сонымен қатар, көші-қон шешімін әрдайым жеке тұлғаның өзі қабылдай бермейді: мысалы, отбасылық көші-қон кезінде балалар мен әйелдердің шешім қабылдау процесіне қатысу деңгейі төмен болуы мүмкін. Бұл көші-қонның ұжымдық және әлеуметтік сипатын көрсетеді [10].

Ли көші-қон факторларын анықтағаннан кейін, көші-қон көлемі, ағындары мен қарсы-ағындар (streams және counter-streams), сондай-ақ мигранттардың сипаттамаларына қатысты бірқатар гипотезаларды ұсынды.

Біріншіден, көші-қон көлеміне байланысты гипотезалар келесідей:

1. Белгілі бір аумақтағы көші-қон көлемі сол аумақтың аймақтық әртүрлілігіне байланысты өзгереді. Яғни, әлеуметтік-экономикалық және мәдени айырмашылықтар неғұрлым айқын болса, көші-қон ауқымы да соғұрлым жоғары болады.
2. Көші-қон көлемі халықтың этникалық, әлеуметтік және кәсіби әркелкілігімен де тікелей байланысты.
3. Аралық кедергілерді еңсеру деңгейі көші-қон қарқынын анықтайды: кедергілер неғұрлым көп болса, көшу көлемі соғұрлым азаяды.
4. Көші-қон көлемі экономикалық циклдерге тәуелді - экономикалық құлдырау кезінде төмендеп, өрлеу кезеңінде артады.
5. Егер көші-қонға қатаң шектеулер қойылмаса, оның көлемі мен қарқыны уақыт өте келе табиғи түрде өседі.
6. Елдің даму деңгейі жоғарылаған сайын көші-қонның да көлемі мен бағыты өзгереді.

Бұл тұжырымдар Орталық Азия жағдайында нақты байқалады: мысалы, экономикалық тұрғыдан алға шыққан Қазақстан еңбек мигранттарын көбірек қабылдайтын орталыққа айналса, еңбек тапшылығы бар елдер (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан) - мигранттарды жіберуші аймақтарға айналды.

Екіншіден, Ли көші-қон ағындары мен қарсы-ағындарының (stream және counter-stream) динамикасын [11] сипаттайтын алты гипотезаны ұсынады:

1. Көші-қон көбінесе айқын қалыптасқан ағындар аясында жүреді, яғни белгілі бағыттар тұрақты түрде қайталанып отырады.
2. Әрбір негізгі көші-қон ағынымен қатар, кері бағыттағы қарсы-ағын да дамиды - бұл халықтың бір бөлігі қайта оралатындығын көрсетеді.
3. Егер шығу аймағындағы теріс факторлар көші-қон ағынының қалыптасуында басым рөл атқарса, онда ағынның тиімділігі жоғары болады (яғни, кері көші-қон азаяды).
4. Егер шығу және бару аймақтары әлеуметтік және мәдени жағынан ұқсас болса, көші-қон ағынының тиімділігі төмендейді.
5. Аралық кедергілер көп болған жағдайда көші-қон ағынының тиімділігі артады, өйткені тек мақсатты және бейімделуге қабілетті тұлғалар ғана көшеді.
6. Экономикалық конъюнктура да маңызды рөл атқарады: өркендеу кезеңінде көші-қон тиімділігі жоғарылайды, дағдарыс кезеңінде төмендейді.

Бұл қағидалар Орталық Азия елдерінің қазіргі көші-қон құрылымына да тән. Мысалы, Ресей мен Қазақстан бағытындағы еңбек миграциясы тұрақты негізгі ағындар ретінде қалыптасқан болса, олардың кері бағыттағы қозғалысы (мысалы, пандемия немесе санкциялық кезеңде) қарсы-ағындар ретінде көрініс тапты.

Үшіншіден, мигранттардың сипаттамаларына қатысты Лидің гипотезалары көші-қонның әлеуметтік-демографиялық селективтілігін түсіндіреді [12]:

1. Көші-қон іріктемелі сипатқа ие. Тұлғалардың жеке ерекшеліктері мен әлеуетіне байланысты, әрбір адам шығу мен бару аймақтарының факторларына әртүрлі жауап береді.
2. Мақсатты түрде жақсы экономикалық мүмкіндіктерге бағытталған мигранттар **оң іріктемеге** жатады (жоғары білімі бар, бейімделгіш, кәсіби тұлғалар).
3. Ал теріс факторлардан қашып, мәжбүрлі түрде көшетіндер **теріс іріктемеге** жатады (төмен білікті, әлеуметтік осал топтар).
4. Жалпы алғанда, мигранттардың құрылымы екіұшты (бимодальды) сипатта: бір жағында жоғары әлеуетті кәсіби мигранттар болса, екінші жағында әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар бар.
5. Аралық кедергілер күрделенген сайын оң іріктеме деңгейі де артады, өйткені қиындықтарды еңсеру қабілеті жоғары тұлғалар ғана көшуге бейім болады.
6. Өмірлік циклдің белгілі кезеңдерінде (мысалы, жастар мен орта жастағылар арасында) көші-қонға бейімділік жоғары.
7. Мигранттардың сипаттамалары, әдетте, шығу және бару аймақтарындағы халықтың орташа сипаттамаларының арасында орналасады.

Осылайша, Э. Лидің теориясы көші-қонды көпдеңгейлі және көпфакторлы процесс ретінде қарастырады. Бұл тәсіл Орталық Азиядағы қазіргі еңбек миграциясын түсіндіру үшін де өзекті: аймақтағы көші-қон ағымдары әртүрлі әлеуметтік топтардың, экономикалық циклдердің және институционалдық кедергілердің өзара әсерінен қалыптасады. Көші-қонның иррационалды сипаты мен субъективті қабылдаудың рөлі еңбек миграциясын реттеу саясатына әлеуметтік және мәдени өлшемдерді енгізудің қажеттілігін көрсетеді.

Лидің миграция теориясы: Кедергілердің Араласу Моделі

Эверетт С. Лидің «Кедергілер теориясы» немесе «Миграцияның аралық тосқауылдары моделі» бұрынғы көші-қон теорияларының кемшіліктерін жоюға бағытталған [13]. Бұл модель көші-қон үдерісіне тек мүмкіндіктер мен экономикалық тартымдылық тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар мигранттардың жолында кездесетін қиындықтар мен кедергілер тұрғысынан да кешенді қарауды ұсынады. Равенстейннің «Көші-қон заңдары» сияқты біржақты тұжырымдамалардан айырмашылығы, Ли теориясы көші-қонның себептерін, мигранттардың әлеуметтік-экономикалық сипаттарын және олардың шешіміне әсер ететін субъективті факторларды терең талдайды. Негізінде, бұл модель Стэффердің «Аралық мүмкіндіктер теориясының» [14] жетілдірілген нұсқасы болып табылады.

Лидің пайымдауынша, көші-қонның көлемі мен сипатын анықтайтын төрт негізгі фактор бар:

1. **Шыққан жердегі факторлар** - мигрант кететін аймақтың әлеуметтік және экономикалық жағдайлары. Мысалы, экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық немесе соғыс сияқты «итеруші» (push) факторлар халықты көшуге итермелейді.
2. **Мақсаттыелдегі факторлар** - өмір сүруденгейі, білімалумен жұмыспен қамтылу мүмкіндіктері, жоғары жалақы мен жақсы инфрақұрылым сияқты «тартушы» (pull) факторлар көшуге ынталандырады.
3. **Аралық кедергілер (intervening obstacles)** - көші-қон барысында кездесетін тосқауылдар: визалық және заңдық шектеулер, тілдік барьерлер, географиялық немесе саяси қиындықтар. Бұл кедергілер көші-қонның көлемі мен құрамына тікелей әсер етеді.
4. **Жеке факторлар** - адамның жасы, білімі, денсаулығы, табыс деңгейі, діни ұстанымы, мінез-құлқы және шетелге деген көзқарасы сияқты жеке ерекшеліктер. Бұл факторлар адамның көшу қабілетін және жаңа ортаға бейімделу мүмкіндігін анықтайды.

Лидің пікірінше, көші-қон шешімі әрдайым **толықтай рационалды емес**, себебі ол әртүрлі әлеуметтік, экономикалық және психологиялық жағдайлардың өзара ықпалы арқылы қалыптасады.

Ғалым көші-қон үдерісіне қатысты **үш топ гипотеза** ұсынған:

А) Көші-қон көлемі туралы гипотезалар:

- аумақтардың әртүрлілігі артқан сайын көші-қон көлемі де артады;
- кедергілер көбейген сайын көші-қон көлемі азаяды;
- экономикалық өрлеу кезінде көші-қон күшейеді, ал дағдарыс кезінде төмендейді;
- егер қатаң шектеулер енгізілмесе, көші-қон көлемі уақыт өте артады;
- даму деңгейі жоғары аймақтар көші-қон ағынын көбірек тартады.

В) Көші-қон ағындары мен қарсы ағындар туралы гипотезалар:

- көші-қон көбіне нақты бағыттар бойынша жүреді (ағындар – *streams*);
- әрбір негізгі көші-қон ағынына қарсы бағыттағы ағын (*counter-stream*) сәйкес келеді;
- шыққан жердегі теріс факторлар неғұрлым басым болса, көші-қон ағыны соғұрлым тиімді болады;
- шыққан және бару аймақтары ұқсас болған жағдайда, көші-қон әлсіз жүреді;
- егер кедергілер жоғары болса, тек үлкен мүмкіндік пен сыйақы бар жерлерге ғана адамдар баруға дайын болады;
- экономикалық өсім кезінде көші-қон тиімділігі артады, ал рецессия кезінде төмендейді.

С) Мигранттардың сипаттары туралы гипотезалар:

- көші-қон іріктелмелі сипатқа ие, яғни әр адам бірдей жағдайға әртүрлі жауап береді;
- тартушы факторлар әсерінен көшкен адамдар, әдетте, білімді және білікті келеді;

Орталық Азиядағы еңбек миграциясының трансформациясы

- итеруші факторлардың салдарынан көшкендер көбіне әлеуметтік әлсіз топтарға жатады;
- көші-қон құрылымы екіұшты (бимодальды) сипатқа ие - жоғары және төмен білікті топтар қатар жүреді;
- кедергілер көп болған сайын көші-қонның «оң іріктелуі» күшейеді (яғни күштілер мен қабілеттілер ғана өте алады);
- көшу бейімділігі өмірлік циклге байланысты: жастар мен студенттер белсендірек миграция жасайды;
- мигранттардың мәдени және әлеуметтік сипаттары шыққан және барған жердің аралығында болады.

1-кесте. 2010–2024 жылдар аралығындағы Орталық Азия елдеріндегі еңбек миграциясы динамикасы

Ел/ Мемлекет атауы	Негізгі бағыттар (қай елге көшу)	2010 ж. мигранттар саны (мың адам)	2024 ж. мигранттар саны (мың адам)	Өзгеріс, %	Ремиттенстердің ЖІӨ-дегі үлесі (2024)	Негізгі себептер
Өзбекстан	Ресей, Қазақстан, Корея, БАӘ	1 980	3 200	+61.6%	14.5%	Жұмыссыздық, табыс айырмашылығы
Қырғызстан	Ресей, Қазақстан, Корея	540	1 150	+113%	28–30%	Ішкі еңбек нарығының әлсіздігі
Тәжікстан	Ресей, БАӘ, Сауд Арабиясы	800	1 300	+62.5%	32–35%	Экономикалық тәуелділік, табыс тапшылығы
Қазақстан	Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан	500 (импорт)	1 200 (импорт)	+140%	–	Еңбек күші тапшылығы, аймақтық тұрақтылық

2010–2024 жылдар аралығындағы деректер Орталық Азиядағы еңбек миграциясы тұрақты өсім траекториясында екенін көрсетеді. Дүниежүзілік банк пен Халықаралық еңбек ұйымының мәліметтеріне сәйкес, соңғы он бес жылда аймақ елдерінен сыртқа шығушы мигранттардың жалпы саны шамамен **70%-ға артқан**. Бұл үрдіс, ең алдымен, экономикалық теңсіздік пен аймақтық еңбек нарықтарының даму қарқынының әркелкілігімен түсіндіріледі [15].

Лидің (1966) «Push–Pull» моделін қолдана отырып, аймақтық ерекшеліктерді былайша сипаттауға болады:

- **«Итеруші факторлар»** (push) - ішкі экономиканың әлсіздігі, жұмыссыздық, төмен жалақы және әлеуметтік кепілдіктердің жетілмегендігі;
- **«Тартушы факторлар»** (pull) - Ресей мен Қазақстан сияқты елдерде жоғары еңбекақы, тұрақты валюта, еңбек заңнамасының салыстырмалы қолайлылығы және институционалдық келісімдердің болуы.

Мысалы, **Өзбекстан мен Қырғызстан** азаматтарының көпшілігі Ресей нарығында уақытша жұмыс істеуді жалғастырып отыр, бірақ соңғы бес жылда **Корея Республикасы мен Түркия бағыттарына көшу 20%-ға артқан** [15]. Бұл факт аймақтағы көші-қонның **жаһандық әртараптану тенденциясын** көрсетеді.

Қазақстанның жағдайында кері бағыттағы - яғни **иммиграциялық процестердің күшеюі** байқалады: 2024 жылы ел аумағында шамамен **1,1–1,3 млн шетелдік жұмысшы** (көбінесе маусымдық) тіркелген. Бұл көрсеткіш 2010 жылмен салыстырғанда екі еседен астам жоғары [16].

Экономикалық тұрғыда миграциялық ағындардың маңызды салдары - **ремиттенстердің рөлі**. Тәжікстан мен Қырғызстанда ақша аударымдары ЖІӨ-нің тиісінше **32–35% және 28–30%-ын** құрайды [15]. Бұл құбылыс ұлттық экономикалардың сыртқы табыс көздеріне тәуелділігін арттырып, ішкі еңбек саясатының әлсіздігін айқындайды.

Сондықтан Э. Лидің моделі Орталық Азия жағдайында өзектілігін жоғалтпаған. «Итеруші» факторлар басым елдерден (Тәжікстан, Қырғызстан) «тартушы» факторлары бар елдерге (Қазақстан, Ресей) бағытталған **миграция ағындары** аймақтық экономикалық өзара тәуелділіктің құрылымдық элементіне айналды. Бұл үдеріс еңбек нарықтарының интеграциясын жеделдетіп, институционалдық реформаларды талап етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Лидің теориясы XX ғасырдағы көші-қонның ең кешенді және жан-жақты модельдерінің бірі болып саналады. Ол экономикалық, әлеуметтік және жеке деңгейдегі факторларды біріктіріп, көші-қонның себептерін, көлемін және мигранттардың мінез-құлықтық ерекшеліктерін түсіндіреді. Теорияның практикалық қолданылуы кейбір жағдайларда қиын (мысалы, «аймақтардың әртүрлілігі» ұғымын нақты өлшеу мүмкін емес), дегенмен ол кейінгі зерттеулерге, соның ішінде Вилбур Зелинскидің «Мобильділік өтпелі моделі» сияқты заманауи тұжырымдамаларға ғылыми негіз қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Dorigo G., Tobler W. Push-pull migration laws // Annals of the Association of American Geographers. – 1983. – Т. 73, № 1. – С. 1–17.

[2] Бюро национальной статистики Республики Казахстан. Демография. Публикации. – <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/281543/>.

[3] Миграционные потоки: что ждет Казахстан в ближайшие годы // Капитал. – <https://kapital.kz/economic/141925/migracionnye-potoki-chto-zhdet-kazahstan-v-blizhajshie-gody.html>.

[4] Van Hear N., Bakewell O., Long K. Push-pull plus: reconsidering

the drivers of migration // *Aspiration, Desire and the Drivers of Migration*. – Routledge, 2020. – С. 19–36.

[5] Malmberg, G. Time and space in international migration // *International Migration, Immobility and Development*. – Routledge, 2021. – С. 21–48.

[6] Купаев В. О. Качественные институциональные изменения современной Мир-Системы: изменение мира (мир-системный подход И. Валлерстайна) // *Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Философия*. – 2019. – № 1. – С. 45–51.

[7] Lee E. S. A Theory of Migration // *Demography*. – 1966. – Т. 3, № 1. – С. 47–57.

[8] Uhlenberg P. Noneconomic determinants of nonmigration: sociological considerations for migration theory // *Rural Sociology*. – 1973. – Т. 38, № 3.

[9] Бакуменко Г. В. Перцепция в социокультурном процессе символизации успеха // *Человек и культура*. – 2014. – № 6. – С. 21–28.

[10] Lee C. S. International migration, deindustrialization and union decline in 16 affluent OECD countries, 1962–1997 // *Social Forces*. – 2005. – Т. 84, № 1. – С. 71–88.

[11] Campbell, R. R., Johnson, D. M. Propositions on counterstream migration // *Rural Sociology*. – 1976. – Т. 41, № 1.

[12] Markov, N. T., Kennedy, H. The importance of being hierarchical // *Current Opinion in Neurobiology*. – 2013. – Т. 23, № 2. – С. 187–194.

[13] Lee C. Sociological theories of immigration: pathways to integration for US immigrants // *Journal of Human Behavior in the Social Environment*. – 2009. – Т. 19, № 6. – С. 730–744.

[14] Кусакина Е. А. Проблема эмоций в зарубежных исследованиях // *Развитие современной науки и технологий в условиях трансформационных процессов*. – 2022. – С. 72–74.

[15] World Bank. Migration and Remittances Data. – 2024. – Режим доступа: <https://www.worldbank.org/en/topic/migration/overview> (дата обращения: 21.11.2025).

[16] Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. – Режим доступа: <https://stat.gov.kz/ru/> (дата обращения: 21.11.2025).

REFERENCES

[1] Dorigo G., Tobler W. Push-pull migration laws. *Annals of the Association of American Geographers*, 1983, vol. 73, № 1, pp. 1–17.

[2] Byuro natsional'noi statistiki Respubliki Kazakhstan. Demografiya. Publikatsii [National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan. Demography. Publications]. <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/281543/> [in Russ.].

[3] Migratsionnye potoki: chto zhdet Kazakhstan v blizhajshie gody [Migration flows: what awaits Kazakhstan in the coming years] // *Kapital*.

<https://kapital.kz/economic/141925/migracionnye-potoki-chto-zhdet-kazahstan-v-blizhajshie-gody.html> [in Russ.].

[4] Van Hear N., Bakewell O., Long K. Push-pull plus: reconsidering the drivers of migration // In: *Aspiration, Desire and the Drivers of Migration*. London: Routledge, 2020, pp. 19–36.

[5] Malmberg G. Time and space in international migration // In: *International Migration, Immobility and Development*. London: Routledge, 2021, pp. 21–48.

[6] Kupaev V.O. Kachestvennye institutsional'nye izmeneniya sovremennoi Mir-Sistemy: izmenenie mira (mir-sistemnyi podkhod I. Vallerstajna) [Qualitative institutional changes of the modern World-System: change of the world (Wallerstein's world-systems approach)] // *Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Filosofija*, 2019, № 1, pp. 45–51 [in Russ.].

[7] Lee E.S. A Theory of Migration // *Demography*, 1966, vol. 3, № 1, pp. 47–57.

[8] Uhlenberg P. Noneconomic determinants of nonmigration: sociological considerations for migration theory // *Rural Sociology*, 1973, vol. 38, № 3.

[9] Bakumenko G.V. Pertsepsiia v sotsiokul'turnom protsesse simvolizatsii uspekha [Perception in the sociocultural process of symbolization of success] // *Chelovek i kul'tura*, 2014, № 6, pp. 21–28 [in Russ.].

[10] Lee C.S. International migration, deindustrialization and union decline in 16 affluent OECD countries, 1962–1997 // *Social Forces*, 2005, vol. 84, № 1, pp. 71–88.

[11] Campbell R.R., Johnson D.M. Propositions on counterstream migration // *Rural Sociology*, 1976, vol. 41, № 1.

[12] Markov N.T., Kennedy H. The importance of being hierarchical // *Current Opinion in Neurobiology*, 2013, vol. 23, № 2, pp. 187–194.

[13] Lee C. Sociological theories of immigration: pathways to integration for US immigrants // *Journal of Human Behavior in the Social Environment*, 2009, vol. 19, № 6, pp. 730–744.

[14] Kusakina E.A. Problema emotsii v zarubezhnykh issledovaniyakh [The problem of emotions in foreign studies] // *Razvitie sovremennoi nauki i tekhnologii v usloviyakh transformatsionnykh protsessov*, 2022, pp. 72–74 [in Russ.].

[15] World Bank. Migration and Remittances Data, 2024. <https://www.worldbank.org/en/topic/migration/overview>

[16] Byuro natsional'noi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. <https://stat.gov.kz/ru/> [in Russ.].

Орталық Азиядағы еңбек миграциясының трансформациясы

ТРАНСФОРМАЦИЯ ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

*Токмеилова М.¹, Асхат Г.²

*¹ Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

² Университет «Туран», Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные тенденции и особенности трансформации процессов трудовой миграции в странах Центральной Азии на протяжении последнего десятилетия. Тема трудовой миграции раскрывается через призму комплексных социально-экономических, институциональных и демографических преобразований, происходящих как внутри регионального пространства, так и в более широком международном контексте. Авторы уделяют особое внимание изменениям, которые оказывают влияние на масштабы, направления и структуру миграционных потоков, включая политические решения, экономические кризисы, демографическое давление и новые возможности в странах назначения.

Методологической основой исследования выступает модель «push–pull» Э. Ли, позволяющая систематизировать факторы, формирующие миграционное движение. В рамках данной модели выделены ключевые «выталкивающие» факторы, среди которых недостаток рабочих мест, низкий уровень заработной платы и ограниченные условия профессиональной реализации в странах-донорах рабочей силы. К числу «притягивающих» факторов относятся экономический рост, более высокая оплата труда, наличие социальных гарантий, а также культурная и языковая близость между странами региона и государствами-реципиентами.

Результаты анализа свидетельствуют о том, что трудовая миграция в странах Центральной Азии в современных условиях представляет собой явление гораздо более сложное, чем просто перемещение работников ради получения дохода. Она становится многоуровневым процессом, затрагивающим социальные структуры, способствующим формированию и укреплению социального капитала, развитию транснациональных сетей взаимодействия и созданию предпосылок для долговременной региональной стабильности.

Ключевые слова: трудовая миграция, Центральная Азия, трансформация, модель push–pull, глобализация, социально-экономические факторы

THE TRANSFORMATION OF LABOR MIGRATION IN CENTRAL ASIA

*Tokmeilova M.¹, Askhat G.²

*¹ Kazakh Ablai khan University of International Relations and World
Languages, Almaty, Kazakhstan

² «Turan» University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article examines the main trends and specific features of the transformation of labor migration processes in the countries of Central Asia over the past decade. The topic of labor migration is explored through the prism of complex socio-economic, institutional, and demographic transformations taking place both within the regional space and in a broader international context. The authors pay particular attention to changes that affect the scale, direction, and structure of migration flows, including political decisions, economic crises, demographic pressure, and emerging opportunities in destination countries.

The methodological basis of the study is E. Lee's "push-pull" model, which makes it possible to systematize the factors shaping migration movements. Within this framework, the key "push" factors are identified, such as lack of employment opportunities, low wages, and limited conditions for professional development in labor-supplying countries. The "pull" factors include economic growth, higher remuneration, availability of social guarantees, as well as cultural and linguistic affinity between the countries of the region and receiving states.

The results of the analysis indicate that labor migration in the countries of Central Asia under current conditions is a phenomenon far more complex than merely the movement of workers in pursuit of income. It has become a multi-level process affecting social structures, contributing to the formation and strengthening of social capital, development of transnational networks of interaction, and creation of prerequisites for long-term regional stability.

Key words: labor migration, Central Asia, transformation, push-pull model, globalization, socio-economic factors

Мақала түсті: 2 қараша 2025

Жариялауға қабылданды: 23 желтоқсан 2025

Авторлар туралы мәлімет:

Токмеилова Мерей – заң ғылымдарының магистрі, «8D03122 – Аймақтану» білім беру бағдарламасының PhD докторанты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: tokmeilova7@gmail.com

Асхат Гүлнаш – PhD докторы, халықаралық қатынастар және дипломатия кафедрасының доценті, «Тұран» университетінің халықаралық ынтымақтастық бөлімінің меңгерушісі, Алматы, Қазақстан, e-mail: g.askhat@turan-edu.kz

Информация об авторах:

Токмеилова Мерей – магистр юридических наук, докторант PhD образовательной программы «8D03122 – Регионоведение», Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: tokmeilova7@gmail.com

Асхат Гулнаш – PhD, ассоц.профессор кафедры международных отношений и дипломатии, Начальник управления международного сотрудничества Университета Туран, Алматы, Казахстан, e-mail: g.askhat@turan-edu.kz

Information about the authors:

Tokmeilova Merey – Master of Law, PhD student of the educational program “8D03122 – Regional Studies”, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, e-mail: tokmeilova7@gmail.com

Askhat Gulnash – PhD, assoc.Professor of the Department of International Relations and Diplomacy, Head of the Department of International Cooperation at Turan University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: g.askhat@turan-edu.kz